

## Қазақстан Республикасының газ саласындағы мүлікті жекешелендіру жөніндегі шаралар жоспары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 қыркүйек N 1126. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасында 1996-1998 жылдары мемлекеттік меншікті жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Алаугаз" акционерлік қоғамының газ тасымалдау жүйесі объектілерін мүліктік жалдауға, сенімді басқаруға және жекешелендіруге беру жөніндегі ұсынылып отырған шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен:

"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Алаугаз" акционерлік қоғамының газ тасымалдау жүйесі объектілері жөніндегі аталған шаралар жоспарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін;

газ шаруашылығы акционерлік қоғамдарының мемлекеттік акциялар пакетін сату үшін қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен және облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Алаугаз" акционерлік қоғамының газ тасымалдау жүйесі объектілерін мүліктік жалдауға, сенімді басқаруға және жекешелендіруге беру жөніндегі шараларға байланысты жұмыстарды жүзеге асыруда өкілетті консультанттарға қажетті жәрдем көрсетсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 1126 қаулысымен

Бекітілген

**"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Алаугаз" АҚ газ тасымалдау жүйесі объектілерін мүліктік жалдауға, сенімді басқаруға және жекешелендіруге беру жөніндегі шаралар ж о с п а р ы**

-----  
Шаралар і Орындалу мерзімі  
-----

**I кезең. Дайындық кезеңі**

- |   |  |                     |            |
|---|--|---------------------|------------|
| 1 | Объектілердің қызметіне және бәсекелестік қабілетіне талдау жасау  | 20 қыркүйекке дейін | 1996 жылғы |
| 2 | "Қазақгаз" МКХ объектілерін мүліктік жалдауға беру жөніндегі негізгі шарттарын (концессия) әзірлеу   | 20 қыркүйекке дейін | 1996 жылғы |
| 3 | "Қазақгаз" МКХ объектілерінің концессияға беруге жататын мүліктік кешендерді бөле отырып ұйымдастыру-құрылымдық, және басқа қайта жаңғыртуларды жүзеге асыру | 30 қыркүйекке дейін | 1996 жылғы |

**II кезең. Тендерлік процесс**

- |    |   |                   |            |
|----|---|-------------------|------------|
| 4  | Тендерге қатысуға шақыруларды жіберу  | 1 қазанға дейін   | 1996 жылғы |
| 5  | Ақпараттық меморандумды (тендерлік құжаттарды) жіберу   | 1 қазанға дейін   | 1996 жылғы |
| 6  | Инвесторлармен жұмысты ұйымдастыру (ақпараттық бөлмелерді әзірлеу, объектілерге бару және т.б.) | 15 қазанға дейін  | 1996 жылғы |
| 7  | Тендерлік ұсыныстарды қабылдау және талдау  | 30 қазанға дейін  | 1996 жылғы |
| 8  | Жеңімпазды анықтау  | 5 қарашаға дейін  | 1996 жылғы |
| 9  | Тендер жеңімпазымен келіссөздер жүргізу   | 20 қарашаға дейін | 1996 жылғы |
| 10 | Шартқа қол қою  | 30 қарашаға дейін | 1996 жылғы |

**III кезең. Қорытынды кезең**

11 "Алаугаз" АҚ-ын тендер арқылы Жоғарыда көрсетілген  
жекешелендіру жөніндегі шараларды жүргізу шараларды  
өткізгеннен кейін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 17 қыркүйектегі

№ 1126 қаулысымен

Қосымша

**Мемлекеттік акциялар пакеті тендер арқылы сатылу жолымен  
жекешелендіруге жататын газ шаруашылығы акционерлік**

**қоғамдарының**

**ТІЗБЕСІ**

Ақмола	ГШАҚ
Алматы	ГШАҚ
Жамбыл	ГШАҚ
Жезқазған	ГШАҚ
Қарағанды	ГШАҚ
Қызылорда	ГШАҚ
Көкшетау	ГШАҚ
Солтүстік Қазақстан	ГШАҚ
Талдықорған	ГШАҚ
Теміртау	ГШАҚ
Торғай	ГШАҚ
Оңтүстік Қазақстан	ГШАҚ
"Өскемен Алаугаз"	АҚ
"Павлодар газ шаруашылығы"	АҚ

Алматы іске қосу-ретте АҚ